

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 сәуірдегі N 437 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 28 тамыздағы N 1297. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Тұрғын үйді ұстау мен тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсетуге ақы төлеудің жаңа принциптеріне көшу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 сәуірдегі N 437 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 16, 131-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

атауы мен 2, 5, 6, 8, 10-тармақтарындағы "тұрғын үй-коммуналдық қызметін", "тұрғын үй-коммуналдық қызметке" деген сөздер "коммуналдық қызметін", "коммуналдық қызметке" деген сөздермен ауыстырылсын;

5 - т а р м а қ т а :

е к і н ш і а б з а ц т а :

"өтемдік шаралармен" деген сөздерден кейін "бірақ іс жүзінде орналасқан жалпы алаң мен тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шығындардың нормативтерінен артық емес" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"және тұрғын үй-коммуналдық қызметті тұтыну нормативтерінің" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Тұрғын үй жәрдемақысы қызметі есепке қабылдайтын тұрғын үйді ұстауға арналған шығыстардың мөлшерін облыстар мен Алматы қаласының әкімдері а й қ ы н д а й д ы " ;

аталған қаулымен бекітілген Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үйді ұстауға және тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге тұрғын үй жәрдемақысын берудің тәртібі туралы Уақытша ережеде:

атауы мен 1, 2, 8, 15, 17-тармақтарындағы "тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге", "тұрғын үй-коммуналдық қызметтерді" деген сөздер "коммуналдық қызметтерге", "коммуналдық қызметтерді" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2-тармақтың бірінші абзацында:

"өтемдік шаралармен" деген сөздер "бірақ іс жүзінде тұратын жалпы алаңнан

артық емес" деген сөздермен толықтырылсын;

"нормативтері" деген сөзден кейін "тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шығыстар" деген сөздермен толықтырылсын;

"тұрғын үй-коммуналдық қызметтерін тұтыну" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

3-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұрғын үй жәрдемақысы қызметтері есепке қабылдайтын тұрғын үйді ұстауға арналған шығыстардың мөлшері мен коммуналдық қызметтерді (сумен жабдықтау, газбен жабдықтау, канализация, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, қоқыстарды әкету және лифтілерге қызмет көрсету) тұтынудың нормативтерін облыстар мен Алматы қаласының әкімдері белгілейді";

6-тармақтың екінші абзацында:

"жұмыспен қамту қызметінде" деген сөздерден кейін "жұмыссыз ретінде" деген сөздермен толықтырылсын;

"немесе" деген сөзден кейін "3 жасқа дейінгі, сондай-ақ кіші баласы бірінші сыныпты (бірақ 9 жастан аспаған) бітіргенге дейінгі төрт және одан да көп балаларды тәрбиелеумен шұғылданушы" деген сөздермен толықтырылсын;

"14 жасқа дейінгі" деген сөздер алынып тасталсын;

8 - т а р м а қ т а :

екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұрғын үй жәрдемақысының мөлшері тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтер үшін іс жүзінде есептелген ақының сомаларынан аса алмайды";

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Тұрғын үй жәрдемақысы ақшалай төлем түрінде белгіленеді.

Тұрғын үй жәрдемақысын төлеу тұрғын үй жәрдемақысы қызметтерінің жергілікті бюджеттерден осы мақсатқа бөлінген қаражаттың есебінен, азаматтардың салымдары бойынша шоттарға есептеуі жолымен тізімдерін Қазақстан Ұлттық Банкінің келісімі бойынша Қаржы министрлігі бекітетін, екінші деңгейдегі банктер (бұдан әрі тиісті банктер) арқылы жүзеге асырылады д е п б е л г і л е н с і н .

Тұрғын үй жәрдемақыларын төлеудің тәртібі мен шарттары тұрғын үй жәрдемақысы қызметтері мен тиісті банктердің арасында жасалған агенттік келісімдермен а й қ ы н д а л а д ы .

Қазақстан Республикасының тиісті банктердің филиалдары жоқ елді мекендерінде көрсетілген төлемдер агенттік келісімдердің негізінде тұрғын үй жәрдемақысы қызметтері айқындаған органдар арқылы жүргізіледі";

10-тармақтың екінші абзацындағы "тұрғын үй-коммуналдық қызметтер" деген сөздер "коммуналдық қызметтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үй жәрдемақыларын берумен байланысты шығыстарды өтеудің тәртібін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі а й қ ы н д а й д ы " ;

аталған қаулымен бекітілген тұрғын үй жәрдемақысы қызметі туралы үлгі е р е ж е д е :

6, 7-тармақтардағы "тұрғын үй-коммуналдық қызметтер" деген сөздер " коммуналдық қызметтер" деген сөздермен ауыстырылсын.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*